



ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ



ЕРЕН ЕЛМІН ЕҢСЕСІН ТІК ҰСТАҒАН

Тәуелсізбін қауышқан азат күнмен,
Азат күнмен қуанып ғажап күлгем.
Дұшпанға кең, досыңа мейірімді,
Қайсар мінез қарапайым қазақтың мен.

Сабырлымын берікпін байсалдымын,
Тәуелсізбін тамаша жайсаң күнім.
Ерен елмін еңсесін тік ұстаған,
Қазақтың мен батырмын қайсарлымын.

Мен қазақтың бостандықта ойнап күлген,
Тымағымды баса киіп қой бақтым мен.
Алаңда атой салған қайқы қылыш,
Қаһарлы қайсар мінез Қайратпын мен.

Егеменмін, естілген ырыс үнім,
Талай көріп тағдырдың ұлы сынын.
Қазақ үшін қан төккен қайыспаған,

Сәбира мен Ләззаттың інісімін.

Мен қазақтың рухты, ұлан ермін,
Ұлы ұлты боламын бұл әлемнің.
Қыранмын көк аспанда қалықтаған,
Додаларда топ жарған құлагермін.

Мен қазақтың тәуелсіз егеменмін,
Тек кеңдігін көксеймін керегемнің.
Мен қазақтың, ғажаппын бірлігім бар,
Биікпін берекелі ерен елмін.

Берекесі біріккен ғажап күнмен,
Ақ көңіл, адал кеуде қазақтың мен.
Түбім түрік, дін Ислам қаным асыл,
Қазақтың, қазақтың мен, ғажаппын мен.

Жанас МҰҚАШ,
Жарылғап батыр ауылы.

Тәуелсіздік құрдасы

Қасым Аманжолов атамыз «Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ...» деп жырлағандай, иә, біз шыныменде бақыттымыз. Мен бақыттымын! Менің дүниеге келгеніме 30 жыл, яғни мен азаттықтың ақ таңы атқан жылы Шет ауданы, Ақжал кентінде дүниеге келдім. Менің елімнің Тәуелсіздігіне биыл - 30 жыл толып отыр. Мен Тәуелсіздіктің құрдасымын! Ол - менің мақтанышым. 1998 жылы Ақжал кентіндегі Ш.Батталова атындағы мектепте бірінші сыныпқа бардым. 2007-2011 жылдары Қарағанды политехникалық колледжін, 2011-2014 жылдары тасымалдауды ұйымдастыру (организация перевозок) мамандығын бітірдім. 2015 жылы өз жарыммен некелесіп, отау құрдым.

Қазіргі таңда 3 балапанымызды тәрбиелеп отырмыз. 2011 жылдан бастап кенттегі «NOVA-Цинк» ЖШС-де

ОМТС инженері болып жұмыс жасап жүрмін. Жұмыстан тыс қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысамын. Футбол спорт түрімен айналысып, жарыстарға қатысып, жүзделі орын иеленгенім бар. Мен үшін тәуелсіздіктің орны бөлек.

Ата-баба аңсаған еркіндіктің әрбір таңы мен үшін қымбат, әрі қастерлі. Қазақ елі арман еткен күнге жеткесін бел жазбай еңбек етіп, білімді жастарды рухани дамытуға үлес қосқым келеді. Ел мақтаныштарының жалынды сөзін, еңбектерін көңілге тоқып өскесін ұл-қызыма да «Тәуелсіздік - төтті ұғым» екенін түсіндіргім келеді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесінің табалдырығында тұрып, осындай бірлігі мықты елде туғанымна қуанамын. Егемен еліміздің ертеңіне қызмет етуді мақтаныш тұтамын. Туған жердің өркекендеуіне үлес қосуына перзенттік парыз деп есеп-



Ислам Аманжолұлы
МАНТАЕВ,
«NOVA-Цинк» ЖШС-і
ОМТС инженері.
Ақжал кенті.

теймін. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болғай! Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерейлі мерекесінде әрбірінің аңсаған арманына, көздеген мақсатына жетуіне тілектеспін.

Тәуелсіздік құрдасы

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АРАЙЛЫ ТАҢЫ

Биыл - ел егемендігіне 30 жыл! Бұл күн әсіресе, мен үшін және Тәуелсіздіктің құрдастары үшін ерекше мейрам. Дүние-ге шыр етіп келген күннен бас-тап «тәуелсіз елдің ұрпақтары» деген аталы сөзді естіп өстім. Батыр ата-бабаларымыздың тәуелсіздік пен азаттық жолындағы ғасырлар бойғы күресін тарихтан оқып білдім. Қаншама баһадүр бабаларымыз қаны мен жанын азаттықтың ақ жолына сарп етті десеңші. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы орындалды. Тәуелсіздіктің ақ таңы атты! Ширек ғасырдан астам тарихы бар Қазақ елі бүгінде қарқынды дамып келеді.



Тәуелсіздіктің құрдасы атану мен үшін үлкен мәртебе, бақыт және мақтаныш! Мен 1991 жылы отыз бірінші мамырда Шет ауданының Босаға ауылында дүниеге келдім. 1998 жылы Босаға ауылындағы Босаға жалпы білім беретін мектептің бірінші сыныбына бардым. Білім ордасын 2009 жылы жақсы аяқтадым. Мектеп қабырғасында жүргенде ұлағатты ұстаздардан тәлім алдым. Арманым сол кісілердей бала жанының жанашыры, ақылшысы, бағбаны болу еді. Сол жылы Қарағанды қаласындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне оқуға түстім. Онда «қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім алдым. Қасиетті қара шаңырақта оқып жүріп, қоғамдық шараларға белсене атсалыстым. Қолымнан келгенше қасымдағы достарыма көмектестім. Оқу ордасын 2013 жылы абыроймен тәмамдадым. Қолыма дипломды алып, туған ауылыма «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен жұмысқа орналастым. Алғаш еңбек жолымды өзім білім алған қарашаырақтан «жас маман» болып бастадым. Содан бері біраз жетістіктерге қол жеткіздім...

Мен үшін Отанымна аз да болса пайданды тигізіп, елімнің болашағы үшін еңбек етуден асқан абырой жоқ. Босаға ауылындағы білім шаңырағында өзімде он бір жыл бойы оқыдым. Қазір де сол ұлағатты ұстаздарым білмегенімді үйретеді. Ұжым өте ұйымшыл. Адам - бала кезінен бастап қалыптасады. Осы кезден бастап баланың болашақ тұлға, өз елінің азаматы ретінде негізі қалана бастайтыны шындық. Елдің болашағы білімді жастардың қолында екені анық. Бүгінгі жас - ертеңгі маман. Сондықтан шәкірттеріме сапалы білім беруге тырысамын. Мен әрбір бала нағыз талант иесі дер едім. Оларға тәуелсіз елімізде сапалы білім алуға барлық жағдай жасалған. Мен болашақ жастарға сенемін. Ендігі алдымда тұрған мақсаттардың бірі - Отанға, өз халқыма деген сүйіспеншілігі мол - жас ұрпақты тәрбиелеу деп есептеймін.

Бүгін де шүкір, тарихымызды түгендеп, шекарамызды бекіттік. Еліміз қарыштап дамып келеді. Туған топырағым Босаға ауылының бүгінгі келбеті де осының көрінісі. Біздің ендігі мақсатымыз - тәуелсіздігімізді одан әрі нығайтып, мәңгілік елімізді көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Аллаға шүкір бүгінде инабатты келін, ардақты жар, үш баланың аяулы анасымын. Жолдасым мен туған ауылда учаскелік полиция инспекторы болып қызмет атқарады. Екеуіміздің де еңбек жолындағы мақсатымыз бір, мен-жас ұрпақты білім нәрімен сусындатсам, жолдасым-қоғам тыныштығы мен тәртібін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар «Мәңгілік елдің» іргесін қалар балапан жеткіншектерге сапалы тәрбие, саналы біліммен нәрлендіру, ұлағатты ұстазға айналу - өмірлік ұстанымым.

Тәуелсіздіктің құрдасы болу да бір бақыт. Отанымыздың данқын асыру - біздің міндетіміз. Тәуелсіздіктің ақ таңында туып өскен біздер үшін бұл үлкен қуаныш, ұлы мереке. Иә, Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың абырой-беделі асқақтай берсін.

Әрбір қазақ баласы өз Отанын шексіз сүйе білуі, ел жолында аянбай тер төгуі тиіс. Тәуелсіз Қазақстанымыз Мәңгі жасай берсін, жайнай берсін демекпін.



Жұмакүл
ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
Босаға ЖББМ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Босаға ауылы.



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАУ

Астанамыз Еуразия белі
кіндігінде,
Таң-қаласың, толассыз өмір
тірлігіне.
Бой түзеген зәулім,
үйлер-ғимараттар,
Бүгін де отыз-жасқа
толды міне.

Бас қаламыз алғаннан соң
егемендік,
Арқасы ел көсемі көрегендік.
Айға аузын балаған дербес
елміз,
Тамырын терең жайып,
алдық теңдік.

Айналғандай еңсесі гүл
өлеміне,
Көтеріліп, көксеген ел
беделі де,
Бақытты жарқын жастар
болашағы,
Жеттік міне, озық елдер
кемеліне.

Астында көк аспанның
қыран құстай,
Қонбайды бақ, қалықтап биік
ұшпай.
Қазыналы ел-байлығы,
жер байлығы,
Ұстайық уыстарда төгіп -
шашпай.

Ізгіліктің ізгі жолын
жалғай берсін,
Данқы артып, өсем қалам
жасай берсін.
Нұрсұлтандай көрікті
кербез қалам,
Жаңғырып жылдан-жылға
өсе берсін.

Өсем қалам көркі менен
мақтанамыз,
Төрткүл дүние таныған
бас қаламыз.
Тәуелсіз Егеменді еліміздің,
Мәртебесін биік ұстап
шаттанамыз.

Өлішер ТАЛҒАТ,
Ақшоқы ауылы.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

Еліміз тәуелсіздіктің
бесігінде тербелгелі 30 жыл.
Отыз жыл ішінде Қазақстан
етек-жеңін жиып, шекарасын
бекітіп, өз алдына дербес
зайырлы ел болды. Бұл
атадан келе жатқан ұлы
жеңістің жемісі.

1991 жылы 16 желтоқсан-
да егемендігін алған еліміздің
өз президенті, ұлты мен
ұлысы, салты мен дәстүрі,
мәдениеті мен экономикасы
болды. Желтоқсанның желі
мен ызғарына қарсы тұрған
жастардың жалынды рухы
мен ерліктерінің арқасында
шаңырағы биік, керегесі кең
мемлекет болып қалыптас-
тық.

«Тәуелсіздік» сөзінің өзі
жанымызға жылу, бойымызға
күш, қуат береді. Тәй-тәйла-
ған баладай басқан адымда-
рын санап, 4-5 жасында өз-

өзіне қарап, 10-15 жасында
пайдаға ісі жарап, 20-25
жасында өсіп-өніп, аты
әлемге тарап, етек-жеңін
жинап, бар әлемді мойында-
тып, Тәуелсіздіктің бесігінде

тәуелсіздік құрдастарының
бастауыш сыныптағы ұстазы
М.Шоқпарова «Тәуелсіздік
деп соғады жүрегіміз» атты
тәуелсіздік құрдастарымен
кездесу кешін өткізді.Кезде-



ТӘУЕЛСІЗДІК - БАБАЛАР АҢСАУЫ

30 жыл тербелген қазақ елі,
30 жылдық тәуелсіздігің
құтты болсын.

Ж.Алтайбаев негізгі орта
мектебінде бастауыш сынып
бірлестігінің жетекшісі,

су барысында қазіргі таңда
әрқайсысы әр саланың бір-бір
маманы болып қызмет жасап
жүрген тәуелсіздік құрдаста-
ры өздерінің түлеп ұшқан
алтын ұя мектептеріне деген

жүрекжарды ақ тілектерін,
мектепте өткен қызықты
күндерінен баяндай отырып
жеткізді.Сонымен қатар,
өздері арнайы жаздырған
«Тәуелсіздік құрдастары»
атты өндерін тарту етті.Қо-
нақтарға арнап мектеп
оқушылары да мерекелік өн-
шашудан, билерінен өнер
көрсетті. Мектебімізге арнайы
кездесуге келген түлектерді
және мектеп оқушыларын
мектеп басшысы Н.Аманбеков
пен қамқоршылық кеңестің
төрағасы Б.Қарыбеков
құттықтап сөз сөйлеп, игі
жарды тілектерін білдірді.
Кештің соңында мектеп
ұстаздары Ескендір Хасанға-
лиев ағамыздың «Атамекен»
өнін хормен орындады.Кеш
қонақтары көтеріңкі көңіл-
күйде, жақсы демалып қайт-
ты.Бұл кездесу кеші келешек
ұрпаққа өте бір маңызы бар,
үлгі боларлықтай іс-шара
болды.

Қ.ЕСІМХАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ж.Алтайбаев негізгі орта
мектебі.

Тәуелсіздік мерейі

ЕЛІМНІҢ БАҚЫТЫН ТЕРБЕТКЕН ТӘУЕЛСІЗДІК

Жақында Ел Тәуелсіз-
дігінің 30 жылдығына
арналып Ж.Ақылбаев
атындағы мектеп-гимназия
сында «Елімнің бақытын
тербеткен Тәуелсіздік»
атты мерекелік кеш
өткізілді. Мерекелік кеш
басталмас бұрын мемле-
кетіміздің Әнұраны шыр-
қалып, көк туымыз төрге
озды. Бұдан соң 5 сынып
оқушысы Маржан Жанай-
дар «Ұлы көсем» өнін
өуелете шырқап, кешті
ашты. Тамаша билерімен
ортаға шыққан 6 сынып
оқушылары «Жаса Қазақ-
стан» биін орындап берсе,
осы сыныптың орындауын-
дағы «Қазақстан - наш
общий дом» өніне жинал-
ғандар ризашылық білдір-
ді. Бұдан соң облыстық
«Жыл мұғалімі» байқауының
аудандық кезеңінің бас
жүлде иегері, облыстық
кезеңінің жүлделі екінші
орын иегері, үздік ұстаз
Серікбол Дәулетұлының
шәкірттерімен дайындаған
Желтоқсан оқиғасы жайында
көрініске кезек берілді.

Көріністен соң Жанай
Қалдыбай «Желтоқсан желі»
өнін тамаша орындап берді.
Ал, Жас сарбаздар биі де
жиналғандарға ерекше көңіл
күй сыйлады. Тағы бір
айтарлық қуанышты жаналық
«Жас ұлан» ұйымының 10
жылдығы Ел Тәуелсіздігінің
30 жылдығымен тұспа тұс
келгені.Аудан бойынша
жалпы орта білім беру
мектептері арасында өткізіліп
жатқан республикалық
бірыңғай «Жас Ұлан» балалар



мен жасөспірімдер ұйымына
қабылдау салтанаты жалғасын
тапты. Шарада ұйымға
қабылданатын оқушылар
ортаға шақырылды. «Жас
ұлан» ұйымына кірген бала-
лар, өскелең ұрпақ адами
құндылықтарға және тәрбие-
ге, сонымен қатар патриоттық
сезімге үйренеді.

Қазақстан Тәуелсіздігінің
күніне арналған, сондай-ақ,
жас азаматтарды еліміздің
нағыз патриоттары, өзгеріс-
терден қаймықпайтын, еңбек-
құмар, білімге құштар, өзін-
өзі жетілдіруге үнемі ұмты-
латын, өршіл, қайсар етіп
тәрбиелеуді, дәстүрімізді,
ұлттық және жалпы адамзат-
тық құндылықтарымызды
қастерлейтін рухани дүниесі
кең тұлғаны қалыптастыруды
көздейтін шарада оқушылар
«Жас Ұлан» ұйымының

қатарына өтудің жауапкер-
шілігі мол екенін, әрі зор
мәртебе екенін сезіне білді.
Оның қатарына қабылданған
оқушы мектептің қоғамдық
жұмысына белсене араласып
және сабақтарын үздікке
оқып, өз елінің мақтанышы
болатын азамат болуына
міндеттейтінін сезінді. «Жас
Ұлан» ұйымына мектебіміздің
4-5 сынып оқушылары
қабылданды. Ұйымға қабыл-
данушы оқушылар өз Отаны-
ның патриоты болуға, «Жас
Ұлан» ережесін бұлжытпай,
сақтай отырып, өзінің доста-
рынан соны талап ете оты-
рып, патриот болуға, ел мен
жерді, ата-ананы қадірлеуге,
оқуда озат, еңбекте адал
болуға, табиғатты аялауға,
Отанды сүюге салтанатты
түрде Ант берді.

«Жас Ұлан» ұйымы қата-

рына қабылданған оқушы-
ларға Қазақстан Республи-
касының туының түсіндей
галстук және төс белгілері
тағылды. Осы шарада
«Жас қыран» ұйымына да
оқушылар қабылданды.
Бұдан соң мектеп-гимназия
директоры Г.Мықшыева,
мектеп директорының оқу
ісі жөніндегі орынбасары
К.Бургакова, тәрбие ісі-
жөніндегі орынбасары
А.Нағыметовтер мерекемен
құттықтап, «Жас Ұлан»
ұйымына қабылданған
оқушыларға өскелең
ұрпақтың Егеменді ел
тірегі болуы жолында
білімді, төртіпті, мектеп
мақтанышы болуларын
тіледі.

Салтанатты жиынның
жабылу рәсімі «Жас Ұлан-
ның» Әнұранымен аяқталды.

Бүгінде жасұландықтарға
зор үміт артылып отыр.
Осындай отансүйгіш, білімді
де білгір ұл-қыздары бар
тәуелсіз елдің болашағы
жарқын болатыны анық.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры
биік, халқымыздың еңсесі
жоғары, егемендігіміз баянды
болсын демекпін.

Зере КУЛСАРИЕВА,
мектеп тәлімгері.
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясы.



НАМЫСТЫ ЕЛМІЗ, ТӘУЕЛСІЗБІЗ БАЙРАҚТЫ!

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТӘҢІРДІҢ БЕРГЕН НҰРЫ

Тәубесіне келе алмаған елдер бар,
Тәуелсіздік ауыртпаған бастарын.
Сол қасірет суығынан бүкқандар,
Сөйлеп кетті көзге шұқып аспанн.

Өзгермеген сол бір қала, сол дала,
Сол заманның сыры бөлек сыры жат.
Өзгелер жүр батыр сынып елінде,
Желтоқсанның жалған атын жамап ап.

Өткен күнге өкпе айтуға бола ма?
Жеңіс деген оңай келмес халыққа.
Отыз жыл өтті сол кезден,
Қазақ елін, сүйреп шыққан жарыққа.

Тәуелсіздік сан жылдағы ізгі арман,
Боздақтардың басын тіккен ар үшін.
Осы алаңда өшпейтуғын із қалған,
Батыр елдің биік қойған намысын.

Айгүл АЛМАҒАМБЕТОВА,
М.Мәметова атындағы ЖББМ
математика пәнінің мұғалімі.
Ақадыр кенті

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТІРЕГІМ

Тәуелсіздік, тәуелсіздік тірегім,
Кеудедегі соққан еркін жүрегім.
Бақ болып басымызға қонғаны,
Рысқұл, Ләззат, Сабира мен Ерболдардың,
Ерлігі деп білемін.

Тәуелсіздікті жырла мәңгі жыр елім,
Еркіндікті ту еткен, елдің бірі едің.
Отыз жыл, алаңсыз өмір сүргенім,
Желтоқсанның желісі деп білемін.

Тәуелсіздік киелі едің сен неткен,
Бостандықтың бесігінде тербеткен.
Далаңда сенін,
Азаттықтың, күйгі мәңгі ойнасын,
Күн нұрындай шуақ шашқан жыр көктен.

Нәзгүл БЕЙСЕМБЕКОВА,
ауыл кітапханашысы.
Кеншоғы ауылы.

ТӘУЕЛСІЗДІК - ТЕҢДІГІ ЖОҚ БАЙЛЫҒЫМ

Биыл тәуелсіздік алғанымызға отыз жыл толды.
Тәуелсіздікке қол жеткізу ата-бабамыздың асыл арманы еді. Біз ата-бабамыздың арқасында «Тәуелсіз» мемлекетке айналдық. «Отан - оттан да ыстық» - дегендей, Отан әр адамның туып өскен жері, туған-туыстарымен, жақындарымен тұратын ата-мекені. Қазақ елінде тұратын адамдардың отаны - Қазақстан Республикасы. Отан болу үшін тілі, діні, тарихын дәстүрі болу керек. «Егемен болмай ел болмас, тәуелсіз болмай жер болмас» демекші, қазіргі таңда егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болдық. Қазақстан өзінің табиғи байлығына, жеріне ие, басқа мемлекеттермен сауда-саттық, қарым-қатынас жүргізе алады. Қазақстан жас мемлекет болса да әлемге таңылды. Өлкеміз қазба байлықтарына бай. Көптеген жаңа технологиялар ойлап табылуда. Сондай-ақ, Қазақстанда спорт дамыған. Біздің елімізде VII Қысқы Азия ойындары өтті. Бұл үлкен ойында Қазақстан

спортшылары үлкен жеңіске жетіп, еліміздің абыройын одан әрі асқақтатты. Бұл VII Қысқы Азия ойындары 2011 жылы өтті. Осы жылдар бойы біз көптеген жетістіктерге жеттік.

Біз өте бақыттымыз себебі, біз бейбіт, тәуелсіз мемлекетте өмір сүреміз.

Менің Отаным - Қазақстан мен өз Отанымды жақсы көремін және Қазақстанда туғанымға өте қуаныштымын!

Қазақстан - Отаным,
Туған жерім - киелім.
Арттырып даңқын, атағын,
Туына-бас иемін.

Құрметтеймін жерімді,
Өзен-көлін, нуын да.
Қастерлеймін елімді,
Ән ұранын, туын да.

Инабат ЕГІНБАЙ,
Ортау негізгі орта мектебінің 9-сынып оқушысы.
Ортау ауылы.

Халқымыздың жылдар бойы аңсаған ізгі армандарының бастауы болған Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге 28 жылдың жүзі болыпты. Осы уақыт ішінде елдігімізді танытып, еңсемізді көтерген қаншама ұлы оқиғалар болды. Мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы қол жеткізген жетістіктері тіпті де айтарлықтай. Осы өткен өмір жолдарымызға қарасақ, әр жылдың өз шежіресі, сыры, тарихы, қасиеті бар.

Ерлік пен елдіктің талайын көрсете білген ата-бабаларымыз табанды күресінің арқасында бірлігін сақтай отырып, Қазақ деген іргелі елдің шаңырағын көтерді. Халқымыздың азаттық үшін болған ақтық бұлқынысы желтоқсан жаңғырығына айналып, әлемді дүр сілкіндірді. Сол сілкіністен бастау алған азаттық күресі 1991 жылы Тәуелсіздік болып салтанат құрды. Бұл қазақ халқы үшін, еліміз деп еміренген, туған отаным деп білетін әрбір қазақстандық үшін зор қуаныш екені даусыз.

Тәуелсіздік ұғымы қаншалықты төтті сөз болғанымен оған қандай қиындықпен қол жеткізгеніміз белгілі. Бабаларымыздың аманаты, арманы 1986 жылдың желтоқсан айының 16-сы күні тарих бетіне жазылып та, ел есінде жатталып та қалған. Бұл күн әрине атын асқақтатып, айбынын көтерген Тәуелсіз Қазақстанның төл мерекесі. Бұл теңдік үшін, елдік үшін бас көтерген, тіпті тәнін аямай, жанын пида қылған жастарымыздың аңсаған армандарының, көздеген мақсаттарының ұшқыннан жалынға айналып еңселі ел болған күніміз. Бұл күн халқымыздың қуанып, болашақ ұрпақтың ұрандап еске сақтар күні. Бүгінде Қазақстан көк байрағы көкке желбіреген, қазына байлығын пайдалана білген, ұрпақтарына ұлттық тәлім-тәрбие берген егемен ел. Аз уақыт ішінде экономикамыз нығайып, мәдениетіміз өркендеген айбынды мемлекетке айналдық. Еліміз белді бекем байлап, әлем кеңістігіне бойлай еніп, басым беделге бет түзеуде. Қасиетті Елтаңбамыз, көк байрақты Туымыз, Өнұранымыз - баршамыздың жадымызда жатталар, бойымызда сақталар бойтұмарымыз. Тәуелсіздік нышандарын бесіктен бастап бойына сіңіріп өскен, патриоттық сезімі оянған балалардың қашан да болмасын өз елінің, жерінің



ТӘУЕЛСІЗДІК - КИЕЛІ ҰҒЫМ

еркіндігін, егемендігін сақтар мықты ұрпақ болары анық. Егемендік алып, Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ елінің мәртебесі биіктеп, қанаты қатай түспек. Қашанда бірлігі жарасқан елдің алар асулары, шығар биігі өрелі болмақ. Осыған баршамыз аянбай үлес қоса білсек, Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы, асқақтай беретініне кәміл сенеміз. Тәуелсіздік - қасиетті сөз, қастерлі де киелі ұғым. Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болып басқа елдермен достығымыз нығайып биіктей берсе әлі де көп істер атқарылатынына күмәніміз жоқ. Еліміз бұдан әрі алға қойған мақсаттарына жете берсін демекпін.

«Орнында бар оналар» демекші, ел орнында, жер орнында, жерге жетер байлық жоқ. Жер болса, ел болады, ел болса ер болады.

Ерлеріміздің арқасында «Қазақстан» егеменді ел болып, дүниежүзіне танылды. Осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.

Ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай демекпін.

Мейрам ШАГИРОВ,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясының
биология пәнінің мұғалімі.



ТӘУЕЛСІЗДІК - ҰЛТЫМНЫҢ АЗАТТЫҒЫ

Еркіндігім, қасиетім,
қастерлім.
Өзің барда көңілімде жоқ
ешбір мұн,
Бабаларым еркіндікті
армандап,
Айдауында жүрдік басқа бір
елдін.

Талай жанның жанарына
жас бердің,
Азаттығым қазынам да
байлығым.
Еш нәрсемен өлшенбейді
әр құның,
Қиындықпен келген бізге
азаттық.
Қорғайықшы еркіндікті біз
мәңгілік!

Тәуелсіздік - халқымыздың
мақтандысы,
Тәуелсіздік - еліміздің
бақ құсы.
Тәуелсіздік желбіреткен
жалауын,
Сонау көктен естілсін ел
ұраны.

Нұрислам АМАНБЕК,
Ж.Алтайбаев негізгі орта
мектебінің 7-сынып
оқушысы.

ТӘУЕЛСІЗДІК - АҚ ТАҒЫМ!

Қазағымның атты міне,
ақ таңы,
Орындалды бабалардың сан
ғасырлық арманы.
Желбіреді көгімізде
тәуелсіздік жалауы,
Осы емес пе, осы емес пе,
бар қазақтың арманы.

Сол сәттерден бой көтерді
қазақ деген ұлы ел,
Қуаныштың көз жасы боп,
жер бетінде ақты сел.
Еркінсің сен, қазақсың деп
сыбырлады майда жел,
Тәуелсіздік ұмытылмас ұлы
күн.
Тәуелсіздік рухы қазақ
жастардың,
Қалады олар ашықтығын
аспаннның.
Тәуелсіздік намысы ол
қазақтың,
Тәуелсіздік ұмытылмас
дара күн.

Ділназ ҒАПИЗ,
Жарылғап батыр
ауылы.

30

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

Тәуелсіздік - тұғырың

ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕРЕКЕҢ ҚАЗАҚ ЕЛІ

16 желтоқсан ата-бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған тәуелсіздігімізге 30 жыл толды. Алғашқы ақшамыз теңге айналымға еніп, халқымыз өсіп, жаңа асуларды бағындырып келудеміз. Отыз жыл, отыз жыл азаттық, өзімізді құрсаудан да босаттық. Ата-баба үміті ақталып, қазірде көк туымыз желбірей түсуде. Міне, биыл тәуелсіздігімізді отызыншы рет атап өтудеміз. Осы 30 жыл уақыт ішінде халық үшін көп өзгеріс болғаны сөзсіз. Біз экономикамызды жаңғырттық, индустриялық даму мен «Нұрлы жол» бағдарламалары сияқты көптеген жаңартулар енгіздік.

Қалалар салынып, үйлер тұрғызылып, міне көздеріңіз жеткендей жас қала Астанамыз аяғына тік тұрды. Қазірде Астанамыз Нұрсұлтан қаласы болып еніп, біраз өзгерістерді талап етті. Бұдан бөлек ондаған облыстардың жаңарғаны белгілі. Алматы, Көкшетау, Қарағанды, Орал, Шымкент сияқты қалалар әртүрлі жаңғырғуларды қалыптастыруда. Бұдан бөлек халқымыз көп елдермен достық қарым қатынасты жаңа белестерге шығаруда. Тарихқа шолу жасасақ, Тәуелсіздік 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман мұратына аяқ басуы. Патша дәуірінде де, Кеңес Одағы кезінде де, тәуелсіздікке деген ұмтылыс, халықтың көп бөлігінде қалыптасты. Біз жүздеген жыл отаршылдықтан кейін, XX ғасырдың аяғында қайта жаңғырған мемлекетпіз. Тәуелсіздік - бұл азап пен төзімнің, халық-

тың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтуі. Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына міне отыз жыл толып отыр. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы аса құрметтеу керек деп ойлаймын.

Желтоқсанның қанды суық ызғары...
Қалың әскер қарсы тұра озбады.
Тәуелсіздік аңсаған қазақ жастары,
Отан үшін табандары тозбады.

Құтты болсын мерекең қазақ елі, достарым,
Шаттық артсын берекең, ашық болғай аспаным.
30 жыл уақыт, әр жыл сайын еске алу,
Сол кездегі желтоқсанның ызғарын.

Әйгерім АМАНЖАН,
8-сынып оқушысы.
Босаға ауылы.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕР

Егеменді еліміздің осы отыз жылдық тарихында Қазақстанның сот жүйесі қол жеткізген 30 елеулі нәтижені атап өткім келеді. Олар: биліктің бөліну қағидаты бойынша сот жүйесінің тәуелсіздігі және оның тек қана Конституцияға және заңдарға бағынуы; «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының қабылдануы; Қылмыстық процеске алқабилердің енгізілуі; Сотқа дейінгі тексеру сатысында сот санкциялауы және сот бақылауы институттарының енгізілуі; Жоғарғы Сот кенесінің құрылуы; Материалдық және процесстік заңнамалардың жаңартылуы; Мамандандырылған экономикалық соттардың, көмелетке толмағандардың істері жөніндегі, әскери, тергеу және қылмыстық соттардың құрылуы; Жаңа Қылмыстық кодекстің, Қылмыстық-процестік кодекстің, Өкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің қабылдануы; Өкімшілік әділет; Азаматтардың сот әділдігіне қол жеткізуін жеңілдету үшін сот сатыларын үш деңгейге дейін онтайландыру; Ел астанасында және Жоғарғы сотта инвестициялық дауларды қарастыру жөніндегі мамандандырылған құрамдардың құрылуы; Барлық сот процестерінде аудио-видео-жазу әдісінің енгізілуі. Түнгі соттардың енгізілуі; Электрондық сот жүргізу; Процестің жарыспалылығы; Соттың ӘРІПК барысындағы белсенді ролі; Дауларды шешудің сотқа дейінгі (медиация) және баламалы (аралық, арбитраждық соттар) нысандарының енгізілуі;

Дауларды сотқа дейінгі сатыда және соттан тыс тәртіпте реттеу үшін жағдайлардың жасалуы (медиативтік, татуласушылық, сонымен қатар партисипативтік рәсімдер тәртібіндегі кез келген сатыларда келісімдер жасау мүмкіндігі) Сот жүйесінің ақпараттандырылуы; Сот әділдігін қашықтықтан жолдау; СМС-хабарламалар арқылы хабардар етудің сандық форматы; Сот қазыларының құрылуы; Сот этикасы кодексінің қабылдануы; Сот корпусының жақсартылуы, кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарының өзгертілуі, соттарды іріктеп таңдаудың конкурстық рәсімдерінің өзгертілуі; Сот төрағаларының мерзімдерін екі мерзіммен шектеудің енгізілуі; Сот әділдігінің сапасы жөніндегі Комиссия институтының енгізілуі; Жұмыс істеп жүрген судьялардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі Сот әділдігі академиясының құрылуы; Қазақстан судьяларының съезін өткізу тәжірибесінің енгізілуі; Жаңадан сот ғимараттарының салынуы; Фронт-офистер ашылды, сот жүйесін жаңғырту аясында соттар жұмысының жаңа форматтары енгізілді.

Отыз жылдық тарихты қорытындылай отырып, алға қойған мақсаттарымыз бен міндеттеріміз орындалып, үлгі болып отырған нәтижелерге қол жеткіздік деп нық сеніммен айта аламыз. Бірқатар күрделі мәселелер шешімін тапты, дегенмен, алға қойған мақсаттар әлі де көп. Мереке құтты болсын!

Амантай
АБДЫКАМАЛОВ,
Шет аудандық сотының
төрағасы.

Қазақстан спорттық ұлт

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ - САЛАУАТТЫ ӨМІР НЕГІЗІ

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет. XXI ғасыр ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы - ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған. Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйіштікке дайындауға

қызмет етеді. Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады. Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды. Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалың қелтіріп, оқушы ағзасын сергітеді. Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді. Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады. Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады. Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді. Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді. Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді. Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады. Бұл

шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды. Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық-терең бақыт» деген. Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады. Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.


Бақытжан
ТЛЕУҒАБЫЛОВ,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясы» КММ
дене шынықтыру пәнінің
мұғалімі.

Оқушы қаламынан

ТУҒАН ЖЕРІМ ӘДЕМІ

Сұлу көркем қаласы,
Әдемі, ашық даласы.
Құлпыруға жол берген,
Туған жердің ауасы.

Қанат жайып құлпырған,
Туған жерім әдемі.
Сұлулыққа жол берген,
Табиғатым әдемі.



Айзере СЕРІКҚЫЗЫ,
Талды ЖББМ, 3 сынып
оқушысы.
Талды ауылы.



Редактор Салтанат Тұяқбайқызы ЖОСАЛБАЙ

Құрылтайшысы және меншік иесі: ЖК Садуақасов М.Д. Редакция мекен-жайы: Ақсу-Аюлы, Шортанбай жырау даңғылы, 73 үй. Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күндері шығады. Таралымы 1000 дана. Газеттің басылу сапасына "Арқо" баспаханасы жауап береді. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияда теріліп, беттелді. тел/факс: 2-11-42, 50-9-03 Эл. пошта: Shshugla@mail.ru Қарағанды қаласындағы "АРҚО" баспаханасында басылды. (Қ.Сәтбаев көшесі, 15) Тел: 8 7212 411780.

Бухгалтерия тел. 79-0-81

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жылы қаңтар айының 4 күні қайта тіркеуден өтіп, тіркеу туралы №17436-Г куәлігі берілген.